

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.11.2023 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Байбахов Н. – Экономика, басқару және құқық факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, PhD, аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

Баймағанбетов С. - PhD, аға оқытушы;

Абубакирова А. – PhD, доцент;

Нысанбаева А. – сая.ғ.к., доцент м.а.;

Исахов Б. - оқытушы;

Тубекова Д. – 8D04114- Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының докторанты;

Сәрсенова Ә. - 7M04118-Экономика білім беру бағдарламасының магистранты;

Омаров Д. – 6B04245-Құқықтану білім беру бағдарламасының студенті;

Тасболатова Г. - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері;

Комиссия мүшесі/Хатшы: Оспанкулова М. – аға оқытушы.

Қатыспағандар: -

Шақырылғандар:

Қ.Полатбекова –Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысының орынбасары, кафедра меңгерушілері: Г.Азретбергенова, Г.Момбекова, А.Амирбек, А.Сабыр, Факультеттің ОӘК төрайымы: А.Алимбаева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. ББ пәндерінің цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуін қадағалау;
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы Н. Байбахов сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 қосымша бойынша оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер және 8 қосымша бойынша цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтерді қарастырды. Біліктілік талаптарына сәйкес мамандықтар бойынша әр пәннен оқытылатын тіліне сәйкес (соңғы 10 жылда шығарылған) кемінде 1 оқулық немесе оқу құрал, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 цифрлық тасымалдағышта әдебиеттің болуы шарт (2 қосымша). Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және

оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіндегі 2 және 8 қосымшаға енген әдебиеттер силлабуста көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар бұл әдебиеттер міндетті түрде университет кітапханасының қорында болуы керек. Цифрлық тасымалдағыштардағы әдебиеттер www.library.aqu.edu.kz, <http://rmebrk.kz> электрондық ресурстардың базаларында анықталған болуы тиіс. Бүгінгі күнге дейін 6B04245-Құқықтану, 6B04281-Халықаралық құқық, 6B04282-Құқық қорғау қызметі, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламалары бойынша 2, 8 қосымшалар кітапханаға өткізілмеген. Бұл ББ лар бойынша кафедрада бар мәліметтерге талдау жасалды. Талдау нәтижесі бойынша факультетте дайындалатын білім беру бағдарламалары бойынша пәндердің оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыздандыру көрсеткіші қанағаттанарлық дәрежеде (2, 8 қосымшалар).

Шешім:

ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі қанағаттанарлық дәрежеде деп таңылсын.

6B04245-Құқықтану, 6B04281-Халықаралық құқық, 6B04282-Құқық қорғау қызметі, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламалары бойынша 2, 8 қосымшалар кітапханаға уақытында өткізбегендігі үшін Құқықтану кафедрасының меңгерушісі А.Сабырға, Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі А.Амирбекке ауызша ескерту берілсін. Атапқан ББ лар бойынша 2,8 қосымшалар кітапханаға 30.11.2023ж. ь өткізілсін. меген.

Тыңдалды:

2. Екінші мәселе бойынша кафедра меңгерушісі Г.Момбекова сөз алып, БББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру туралы баяндады. Ол өз сөзінде Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылымипедагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы технологияларды меңгеру болып табылады. Қазіргі таңда профессор-оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуін айтты. Профессор- оқытушылар сабақ өткізу барысында инновациялық әдістерді: жобалау әдісі, пікірталас әдісі, топта жұмыс, case-study, компьютерлік технологияға негізделген әдістер, деңгейлеп оқыту әдістерін қолданады.

Шешім:

ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендірілуі қанағаттанарлық деп таңылсын.

Тыңдалды:

3. Сапаны камтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов: 2022-2023 оқу жылының қазан айында жүргізілген іс шаралар бойынша қысқаша есеп берді.

2023-2024 оқу жылының қысқы сессия емтихандарының формасы анықталып, бекітілді;

2023-2024 оқу жылының қортынды аттестаттау нысаны анықталып, бекітілді;

Факультеттегі БББ бойынша Өндірістік практика базаларын анықталып, келісім-шарттар түзілді;

Visiting professor бағдарламасы аясында Үндістанның Мумбай университетінен келетін доктор (PhD) Гайкар Виластың (Gaikar Vilas B.) студенттер мен магистранттарға өтетін сабақ кестесі, докторанттар мен профессор оқытушыларға арналаған ғылыми семинарының кестесі, жұмыс жоспары нақтыланды;

Шешім:

2023-2024 оқу жылының қазан айында жүргізілген іс шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Н. Байбахов

Мәжіліс хатшысы:



М. Оспанкулова